

2014 жылға арналған, Степногорск қаласы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың, қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № а-12/501 қаулысы. Ақмола облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қаңтарда № 3937 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 03-46ш/379 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 10.02.2015 № 03-46ш/379 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2014 жылға арналған, Степногорск қаласы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың, қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін елу жастан үлкен жастағы ер адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғанда);
- 2) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін қырық бестен үлкен жастағы әйел адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғанда);
- 3) ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтіндер (үш айдан артық);
- 4) жиырма бір жастан бастап жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 5) орта және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 6) бұрын жұмыс істемегендер;
- 7) емдеу курсынан өткен туберкулезбен ауыратын науқастар;
- 8) мүгедектік есебінен шығарылғандар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Э.Р. Салықоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі

М.Тақамбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК